



**АҚШАМЫ**

N11 сайлау округі бойынша  
Астана қалалық мәслихатының  
депутаттығына үміткер

## Сайлаубек БАЙБОЛОВ



Менінше, өз депутат өз  
сайлаушыларының, жалпы қала  
тұрғындарының мұн-мұқтажын  
корғауға, еліміздің жарқын  
келешегі жолында еңбек етуге  
тиісті. Бұл ушін оның жан-жақты  
білімі, өмір тәжірибесі болуы  
шарт.

Мен өмір жолымды шахтер, мұғалім болып бастап, әлеуметтік салада әртүрлі басшы қызметтер атқардым. Облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары болған кезімде, басқа қызметтерде де халыққа білім беру, мәдениет, денсаулық сактау, спорт, әлеуметтік қамсыздандыру шараларымен жіті шұғылдануға тұра

# САЙЛАУШЫЛАР ҮМІТІН АҚТАУ ПАРЫЗ

келді. Бұл маған мәслихатта астананы дамытудың әрқылы бағдарламаларын қарағанда, оларға дұрыс сараптама беріп, ұғымды ұсыныстар жасап, нақтылы шешім жолдарын айқындағанда көмектесті.

Елбасы айтқандай, бар істің түйіні халықтың тұрмыс жағдайын жақсартуда болып отыр. Осы тұрғыда Өндіріс кентінде істелген жұмыстар баршылық. Депутат ретінде өткен қалалық мәслихаттың 49 сессиясында 37 рет сөйлеп, жиырмадан астам хаттама жазып, №34 мектепке ғимарат беру, №39 мектепке жаңа ғимарат салу, кентті сумен қамтамасыз ету, көшелерді жөндеу, кардан, қоқысттан тазалау, телефондандауру сияқты қөптеген мәселелерді көтердім. Қала басшылары оларды онтайлы шешіп келеді.

Әрине, істелген іс өз жалғасын тауып отыратыны өмір заны. Негізінен мәслихаттың жұмысы астаналық деңгейге сай келіп, қалалық әкімшілік мекемелермен тығыз байланыста жүргізуіне үмтүлұымыз керек. Индикативті бағдарламалар мен өз жылғы бюджеттің қаржыны кезектегі жұмыстарды уақытылы шешуге, әсіреле қала экономикасын, құрылышын, мәдениетін дамытуға, әлеуметтік саланы басымырак колдауға бағытталуы тиіс.

Монополистердің жылуды, газды, электр қуатын жөнсіз қымбаттатуына жол беруге болмайды. Зейнеткерлер мен мугедектерге, тұрмысы төмен және көпбалалы жанұяларға, оқушылар мен студенттерге қолда бар көмегімізді көрсетуге міндеттіміз.

Менің сайлаушыларым Өндіріс кентінің "СМП", "Автоматика", "Нефтяник" елді мекендерінің мәселелерін жан-жақты қарап, жүйелі түрде нақтылы шаралар қолданылуын күтіп отыр.

Кандидат ретінде менің бағдарламама сәйкес мұнда монша, базар, дүкен, клубтар салу керек. Осы уақытқа дейін ондаган көшелерде су құбырлары, электр жарығы жоқ, жолдары жөндеуден өтпеген, телефон жүйесімен қамтылмаған. Жеке меншіктегі малды бағуды үйімдасқан түрде жүргізу де халық талабы.

Осы жақта тұрғындардың саны жыл сайын еселеңіп өсуде. 1999 жылы мұнда екі мектеп болса, казір 4 мектеп пен бір бала-лакша бар. Бірақ, онда балалар сыймай жатыр. Сондықтан, тағы жаңа мектеп пен балабақша салу қажет-ақ. Осындай қомақты да киын, көп қаражат тілейтін мәселелерді қала басшыларымен бірге шешуге өз үлесін қосу — әрине, мен сияқты бүгінгі кандидаттардың ертең депутат болса, алдағы негізгі міндетті. Сондықтан депутат болу үшін халық алдында осындай үлкен жауапкершілікті сезіне білу шарт. Бұл тұрғыда сайлаушыларым маған толық сенім артса, соның ақтауға мен бар мүмкіншілігімді, іс-тәжірибелі қолданар едім. Депутаттың күш сайлаушыларда, олармен тығыз байланысында деп білемін.